



Аспанмен теңдес қала

Ажар Сағатбекова

Тәуелсіздіктің

25 жылдығына орай Өскемендегі облыстық балалар және жасөспірімдер кітапханасында осындай атпен Алматы қаласының 1000 жылдық мерейтойына байланысты мерекелік шара ұйымдастырылды.

Шараның «Әсем қала – Алматы» атты алғашқы бөлімінде балаларға Алматы қаласының мыңжылдық тарихынан сыр шертетін көркем-деректі фильм ұсынылды. «Алматым-әнім» атты бөлімінде оқушылар караокемен ән салып, көпшіліктің ерекше қожаметіне ие болды. Мерекелік шараның «Алматы кеше және бүгін» атты екінші бөлімінде балаларға аталмыш қаланың тарихына байланысты бірқатар сауалдар қойылып, жеңімпаздарға сыйлықтар табысталды.

Мерекелік шара аясында Николай Веревочкин мен «Алматы Кітап» баспасының балалар әдебиеті бойынша сараңшысы София Раеваның ұйымдастыруы

мен шеберлік сыныптары өтті. Оған облыс аумағындағы барлық кітапханалардың қызметкерлері қатысты. Кәсіби білімдерін қызықты және пайдалы мәліметтермен толықтырып қайтқан кітапханашылар Николай Веревочкин мен София Раеваға алғыстарын білдіріп жатты.

– Алматы – еліміздің ең ірі мегаполисі. Ғылыми, мәдени, тарихи, экономикалық, қаржылық, банктік және мемлекеттің индустриялық орталығы. Қаланың аты Алматы, «алма қаласы» деп аударылады. Сол себептен де біз ең алғаш рет ашылған кезде кітап баспасының атауын Алматымен байланыстыруды жөн деп шештік. Баспада жоғары оқу орындары мен мектеп оқушыларына арналған оқулықтар және оқу құралдары, көркем әдебиеттер, сөздіктер, анықтамалықтар мен мектепке дейінгілер үшін әдебиеттер шығарылады. Бұдан бөлек, балаларға арналған айшықты безендірілген қазақ-орыс атылышын сөздігі мен үш тілдегі (қазақ, орыс, ағылшын)

«Ауа райы», «Өлшеу», «Уақыт» «Сандар», «Пішіндер», «Түстер» «Қарсы мәндес сөздер. Салыстыру» деген жеті кітаптан тұратын көркемсуретті кітаптар топтамасы шығады. Өйткені, қоғамның дамуы, адамзаттың өсіп-өркендеуі кітаппен тығыз байланысты. Ал кітапхана – осы ғылым мен білімді, көркем ой құндылықтарын ұрпақтан-ұрпаққа тарататын киелі шаңырақ. Бүгінгідей жаппай ақпараттандыру және технологияның өркендеу заманында ауыл кітапханалары да өзінің қоғамдағы басты орнын сақтап қана қоймай, өсіп келе жатқан жас ұрпақ үшін қажетті мәдени орынға айналуы қажет. Кітапхана оқырман үшін білім алумен қатар, интеллектуалды және рухани қасиеттерін дамыту, ақпараттық сұранымдарын қанағаттандыратын білім ордасы бола білуі керек, – дейді София Раева.

Шара соңы оқырмандар үшін дәстүрге айналған «Кешкі кітапхана» атты әдеби ойын сауықтық бағдарламамен жапғасын тапты.